

Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Аққулы ауданы білім беру бөлімінің
«Бекмұрат Уахатов атындағы жалпы орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
Өзін-өзі аттестаттау қорытындысының
құжаттары**

2024-2025 оқу жылы

Мазмұны

Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау туралы бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау жоспары

Өзін-өзі бағалаудың мақсаттары, міндеттері, объектілері

I. Білім беру ұйымның жалпы сипаттамасы

II. Кадрлық әлеуетті талдау

2.1. Тәрбиешілердің білім деңгейі

2.2. Педагогтердің біліктілік деңгейі

2.3. Педагогтердің біліктілігін арттыру

III. Тәрбиеленушілер контингенті.

3.1. Шағын орталық балаларының контингентін талдау

IV. Оқу-әдістемелік жұмыс.

4.1. Тәрбие- білім беру процесі

V. Оқу-материалдық активтер.

VI. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Бекмұрат Уахатов ЖОББМ-мектебінің жанындағы шағын орталық бағалау нәтижелері бойынша есеп

Бекмұрат Уахатов жалпы орта білім беру мектеп жанындағы шағын орталық қызметін бағалау.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің мақсаты: әр баланың мүдделерін, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оның әлеуеті мен толыққанды дамуын ашу.

Міндеттері: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы дамушы қауіпсіз білім беру ортасын құру;

-баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, толыққанды физикалық дамуы;

-интеграцияланған білім беру жағдайында коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық қасиеттерді дамыту;

-баланың мектепте оқуға мотивациялық дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру;

-Отанға, ана тіліне, патриотизмге деген сүйіспеншілікті ояту;

-педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру;

-ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультативтік және әдістемелік көмек.

Мектепке дейінгі ұйымда 4 жас топ ерекшелік 1 аралас топ бар:

1.Ерте, кіші, ортанғы, ересек жас «Балдәурен» тобы

II. Кадрлық әлеуетті талдау

Мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында Бекмұрат Уахатов жалпы орта білім беру мектеп жанындағы шағын орталық педагогтер саны штаттық кестеге сәйкес қамтамасыз етілді. 2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдары ҚМҚК педагог қызметкерлермен қамту мәселесі 100% шешімін тапты.

2.1. Тәрбиешілердің білім деңгейі

| Білімі | Оқу жылы | | |
|--|-------------|-------------|-------------|
| | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
| Жоғары мектепке дейінгі білім | 2 | 2-100 % | 2-100 % |
| Орта-арнайы мектепке дейінгі білім беру | | | |
| Педагогикалық білім, қайта даярлау курстарынан өткен | - | - | |
| Барлық тәрбиешілер: | 100% | 100 | 100 |
| Тиісті бейін бойынша педагогикалық білімі бар тәрбиешілердің үлесі | 100 % | 100% | 100% |

2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі білімі бар тәрбиешілердің үлесі 100 % құрайды, яғни 1 тәрбиешінің жоғары мектепке дейінгі білімі бар.

Қорытынды: білім беру деңгейін талдауға сүйене отырып, педагогтердің 100% тиісті деңгейдегі білім бар.

2.2. Педагогтардың біліктілік деңгейі

| Оқу жылы | МДҰ барлық педагогтар | Біліктілік санаты | | | |
|-----------|-----------------------|--------------------------|-------------------------|--------------------------|------------|
| | | Педагог-зерттеуші Жоғары | Педагог-сарапшы Бірінші | Педагог-модератор Екінші | Санаты жоқ |
| 2022-2023 | 2 | 0 | 0 | 1 | 1 |
| 2023-2024 | 2 | 0 | 0 | 1 | 1 |
| 2024-2025 | 2 | 0 | 0 | 1 | 1 |

2.3. Педагогтардың біліктілігін арттыру.

Бекмұрат Уахатов жалпы орта білім беру мектеп жанындағы шағын орталық педагогтерінің кәсібилік даярлықтан өту қарқыны 100%-ке көтерілді. Сондай-ақ, жоспарға сәйкес кәсіби даярлық курсынан өтуге тағы 1 педагог жоспарланды.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша педагогтардың біліктілігін арттыру курстары

| Ұйымның атауы | Біліктілік арттыру курсының атауы | Сағаттар саны | Педагогтердің аты-жөні | Оқу жылы |
|-------------------------------------|-----------------------------------|---------------|--------------------------------|----------|
| Педагогикалық шеберлік орталығы НИШ | «Баланы ерте дамыту бағдарлары» | 170 сағ | Шакиева Самал Кабиденовна | 2022 |
| Педагогика шеберлік орталығы НИШ | «Баланы ерте дамыту бағдарлары» | 170 сағ | Нурсейтова Гульмира Рысбекқызы | 2024 |

Біліктілікті арттырудың салыстырмалы диаграммасынан ең жоғары көрсеткіш 2023-2024 оқу жылдарына келеді. Бұл біліктілік арттыру курстарының көпшілігі оффлайн режимінде өткізілгендігімен және педагогтардың ең көп санын қамту мүмкіндігімен түсіндіріледі.

Қорытынды: шағын орталық педагогтары курстарға, семинарларға қатысу арқылы кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырады.

III. Тәрбиеленушілер контингенті

ҚМҚК бойынша мектепке дейінгі ұйым қызметін автоматтандыру “balabaqsha snation.kz” порталы арқылы жүзеге асырылады. Балалардың мектепке дейінгі ұйымға келуі “balabaqsha snation.kz” порталының жолдамасы бойынша жүргізіледі. Әрбір балаға жеке іс ресімделеді, оның құрамына: жолдама, баланы МДҰ-ға қабылдау туралы ата-ананың өтініші, МДҰ мен ата-аналар арасындағы шарт, педиатр-дәрігердің анықтамасы тігіледі. Балалардың тізіміне сәйкес барлық жеке істерді жүргізу құжаттар жасақталды. Бағыттарды тіркеу журналдары, балалардың қозғалысын тіркеу кітабы, балалар қозғалысы және топқа отырғызу бойынша бұйрықтар, өтініштерді тіркеу журналы, ата-аналар шарттарын тіркеу журналы жүргізіледі. ҚМҚК –да тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерімен құрылған 1 топ қызмет атқарады, ондағы мектепке дейінгі оқумен және тәрбиеленумен 15 бала қамтылды. Оқыту үрдісі мемлекеттік тілде іске асырылады. Топтардың жұмыс тәртібі сағат 8.00-ден басталып 17.00-да аяқталады. Балалардың тізімдік құрамы 15.

Бекмұрат Уахатов жалпы орта білім беру мектеп жанындағы шағын орталықта 1 топтың құрамы тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес бекітілді. 1 (бір аралас) ерте,кіші,ортаңғы, ересек тобы- «Балдәурен».

Тәрбиеленушілерді жас ерекшеліктері бойынша үлестіру

| Жас ерекшеліктері | 2022-2023 бала саны | Топтар саны | 2023-2024 бала саны | Топтар саны | 2024-2025 бала саны | Топтар саны |
|---|---------------------|-------------|---------------------|-------------|---------------------|-------------|
| Аралас «Болашақ» Ерте жас тобы 1 жастан бастап - Кіші топ 2 жастан бастап | 3 | 3 | 3 | 3 | 1 | 1 |
| Аралас «Болашақ» Ортаңғы топ 3 жастан бастап Ересек топ 4 жастан бастап | 15 | 15 | 16 | 16 | 14 | 14 |
| Барлығы | 18 | 18 | 19 | 19 | 15 | 15 |

Бекмұрат Уахатов жалпы орта білім беру мектеп жанындағы шағын орталықта 2024-2025 оқу жылында тәрбиеленушілерінің жасына қарай жас ерекшелік топтары жасақталған.

Тәрбиеленушілерді жынысы бойынша үлестіру

| Жынысы бойынша сәйкестеу | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|--------------------------|-----------|-----------|-----------|
| «ұлдар | 9 | 11 | 8 |
| қыздар | 9 | 8 | 7 |
| Барлығы | 18 | 19 | 15 |

IV бөлім. Оқу – әдістемелік жұмысы

Бекмұрат Уахатов жалпы орта білім беру -мектеп жанындағы шағын орталықта оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған.

4.1. Тәрбие-білім беру процесі.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбие-білім беру үдерісін мыналарға сәйкес жүзеге асырады:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен;

Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеуге сәйкес жүзеге асырылады. Перспективалық жоспарды оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар жасайды. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған перспективалық жоспарды тәрбиешілер

өтпелі тақырыптар негізінде жасады. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген.

Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады. 2024-2025 оқу жылдары шағын орталық топтарында ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді.

2024-2025 оқу жылында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтар қағидаттарға бағдарланады:

- ойын арқылы оқыту;
- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету). Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен әдістерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескереді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Электрондық нұсқада 2024-2025 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспары, кестесі, перспективалық жоспарлары мен циклограммалары қоса беріледі. Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру барысының тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы – қыркүйекте, аралық - қаңтарда және қорытынды-мамырда).

Мониторинг мақсаты:

- баланың жетістіктерін бақылау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру барысын жетілдіру;
- баланың Типтік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау. Нәтижелер "бақылау парағында" толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылады. Мониторинг нәтижелері бойынша I, II даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізіледі. Баланы дамытудың жеке картасында "түзету іс шаралары" бөлімінде балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды толтырады. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші педагог-мамандармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады. Білім беру ұйымын бағалау критерийлеріне сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілді.

Электрондық нұсқада 2024-2025 оқу жылдарының мониторингі қоса беріледі.
 2024-2025 оқу жылына арналған жалпы орта білім беру мектебінің жанындағы
 шағын орталық балалардың дамуын, іскерлігі мен дағдыларын қадағалау бойынша бастапқы мониторинг
 нәтижелері туралы жиынтық есеп

Жиынтық есеп

балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша топ 2024-2025 оқу жылы

| | Топтың атауы | Бала саны | «Денсаулық» білім беру дағды | | | «Қатынас» білім беру саласы | | | «Таным» білім беру саласы | | | «Шығармашылық» білім беру саласы | | | «Әлеумет» білім беру саласы | | |
|---|---------------------------------|-----------|------------------------------|--------|------------|-----------------------------|------------|------------|---------------------------|------------|-----|----------------------------------|---------------|------------|-----------------------------|-------------|-----|
| | | | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III | I | II | III |
| 1 | Ересек «Балдәурен» тобы | 4 | 0 | 4\100% | 0 | 0 | \410 0% | 0 | 0 | 4\10 0% | 0 | 0 | 4\100 % | 0 | | 4/100 % | 0 |
| 2 | Кіші «Балдәурен» тобы | 2 | 0 | 0 | 2\100 % | 0 | % | 0,5/5 % | 11/100 % | 0 | 0 | 6,16/5 6% | 4,6/42 ,5% | 0,3/3 % | 4,4/40 % | 6,6/60 % | 0 |
| | Ортанғы «Балдәурен» тобы | 9 | 4\25/ % | 4/25% | 0 | 2/60% | 1/30 % | 10% | 2/60% | 1/30 % | 10% | 2/60% | 1/40% | 0 | 2/60% | 1/40% | 0 |

V. Оқу-материалдық активтер

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданы білім беру бөлімінің Бекмұрат Уахатов жалпы орта білім беру мектеп жанындағы шағын орталық 2009 жылы 1 қыркүйектен бастап жұмыс істейді. Жобалық қуаттылығы-20 орын. 1 топ қызмет етеді. 1 аралас жас ерекшелік топтары: қабылдау бөлмесіне, жатын бөлмесіне, бөлінеді.

Шағын орталық әр жас ерекшелігі тобында балалардың барлық қызмет түрлерінде тәуелсіз, белсенді және мақсатты дамуы үшін жағдайлар жасалған. Топтардағы пәндік-кеңістіктік даму ортасы ұтымды ойластырылған, ыңғайлы, балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Жиназдың, оқу, ойын және басқа жабдықтардың орналасуы қауіпсіздік техникасының, санитарлық – гигиеналық нормалардың, балалардың физиологиясының, баланың психикалық әлауқатының, оның дамуының талаптарына толық сәйкес келеді және жауап береді, баланың өзін-өзі оқыту қабілетінің дамуына, функционалдық жайлылық принциптеріне оң әсер ете алады. Қоршаған ортаны аймақтарға бөлу ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықталған. Шағын орталықта кіші топқа: танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, танымдық қызығушылықты белсендіретін жылжымалы ойыншықтар, ашық ойындарға арналған жабдықтар, ірі және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын құралдары, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар бар. Ортаңғы жастағы топтарда топтық бөлме білім беру ойыншықтарымен жабдықталған, лево, шығармашылыққа арналған материалдар, театрландырылған ойынға арналған киіну бұрышы, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылықты арттыру үшін табиғи материалдар.

Ересек топ бөлмелері интеллектуалды қабілеттерді дамыту үшін бұрыштарда күрделі пазлдар, конструкторлар, қарапайым математикалық ұғымдар мен сауаттылық негіздерін игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, сандар, үлкен қаріппен кітаптар, бояу беттері, сандар мен әріптермен баспа ойындары, құралдар, балалар энциклопедиялары, жануарлар туралы иллюстрацияланған басылымдар орналастырылған планетаның өсімдіктер әлемі, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карталар, киіну бұрышы, театрдың әртүрлі түрлері, табиғат бұрышы.. Балалардың эмоционалды көңіл-күйін қалыптастыру үшін залда музыкалық центр бар. Шағын орталықта үлгілік оқу бағдарламасы мен МЖМБС талаптарына сәйкес әдістемелік, оқу – тәрбие, түзету қызметіне арналған материал, ата-аналармен және тәрбиешілермен жұмыс істеуге арналған консультациялық материал, көркем және энциклопедиялық әдебиеттер шоғырланған. Шағын орталық аумағына ағаштар, бұталар отырғызылды; гүлзарлар салынды. Балалардың ойын алаңдарында баспалдақтар, әткеншектер, орындықтар, үстелдер, секіргіш, спорт кешені орналасқан.

VI. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Шағын орталықта электрондық ресурстар базасы бар:

- теледидар-1 дана.
- интернет желісі.

Ата-аналардан алынған сауалнама нәтижесі

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау комиссиясы 2024 жылғы 30 қыркүйек аралас топ балаларының ата-аналарына сауалнама жүргізді.

Сауалнаманың мақсаты: тәрбиеленушілердің жетістіктерін білім дағдыларын сәйкестігін анықтау және мектепке дейінгі ұйым ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын жақсарту.

Сауалнамаға 15 ата-ана қатысты ата-аналардың жалпы санынан 100%

| № | Топтың атауы | Оқыту тілі | Тәрбиеленушілердің саны | Сауалнамаға қатысқандардың саны |
|---|--------------|------------|-------------------------|---------------------------------|
| 1 | Аралас топ | қазақ | 15 | 100% |

Ата-аналарды алдын ала жинап, осы сауалнама туралы түсіндіру жұмысын жүргіздік. Ата-аналарға дағдылардың мазмұнын оқу, дағдыларды игеруге баға беру, нұсқалардың бірін таңдау ұсынылды (толық келісемін), (келісемін), (толық келіспеймін), (келіспеймін) Сауалнаманы ата-аналар телеграмма арқылы толтырылды. Сауалнамаларды талдау мынаны көрсетті:

| № | Сауалнама сұрақтары | Толық келісемін | Келісемін | Келіспеймін | Толық келіспеймін |
|---|---|-----------------|-----------|-------------|-------------------|
| 1 | Сіздің балаңыз балабақшаға қуана бар ма? | 15% | 85% | 0% | 0% |
| 2 | Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар ма? | 15% | 77% | 0% | 8% |
| 3 | Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз ба? | 31% | 69% | 0% | 0% |
| 4 | Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз ба? | 8% | 69% | 15% | 8% |
| 5 | Мұғалім этика нормаларын педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды ма? | 8% | 84% | 0% | 8% |
| 6 | Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба? | 23% | 77% | 0% | 0% |
| 7 | Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие | 31% | 69% | 0% | 0% |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|-----|----|
| | жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді ме? | | | | |
| 8 | Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін тендестірілген бе? | 15% | 77% | 8% | 0% |
| 9 | Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру саласына қанағаттанасыз ба? | 23% | 77% | 0% | 0% |
| 10 | Сіз балабақша жұмысын ұйымдстыруға қуаныштысыз ба? | 0% | 92% | 8% | 0% |
| 11 | Топ ата-аналармен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т.б балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі. | 0% | 84% | 8% | 8% |
| 12 | Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе? | 0% | 69% | 31% | 0% |

Қорытынды: Сауалнама жүргізу талдауы көрсеткендей, ата-аналар балалардың дағдыларын қалыптастырудың жеткілікті деңгейде қанағаттанған. Ата-ана мен шағын орталық арасында ынтымақтастық ортаны нығайту.

2022 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің №486 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығының 2 тарау 8-тармақшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер онлайн түрде телеграм канал арқылы сауалнама өткізілді.

«Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді» сұрағына «Толық келісемін»-67 %, «Келісемін-33%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%.

«Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған» сұрағына «Толық келісемін»- 0%, «Келісемін-100%, «Келіспеймін»-%

«Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады» сұрағына «Толық келісемін»-0 %, «Келісемін-100%,

«Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады» сұрағына «Толық келісемін»-33 %,

«Келісемін-67%, «Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған» сұрағына «Толық келісемін»-0 %, «Келісемін-100%,

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған»

сұрағына «Толық келісемін»-33 %, «Келісемін-67%, «Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы

Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді» сұрағына «Толық келісемін»-33 %, «Келісемін-67%,

«Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді» сұрағына «Толық келісемін»-33 %, «Келісемін-67%,

«Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде» сұрағына «Толық келісемін»-0 %, «Келісемін-100%,
«Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді» сұрағына «Толық келісемін»-33 %, «Келісемін-67%,
«Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар» сұрағына «Толық келісемін»-100 %,
«Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген» сұрағына «Толық келісемін»-33 %, «Келісемін-67%,
«Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын» сұрағына «Толық келісемін»-67 %, «Келісемін-33%,
«Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды» сұрағына «Толық келісемін»-0 %, «Келісемін-100%, «Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған» «Толық келісемін»-33 %, «Келісемін-67%,
«Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады» сұрағына «Толық келісемін»-0 %, «Келісемін-67%, «Келіспеймін»-33%,«Толық келіспеймін»-0%
«Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады» сұрағына «Толық келісемін»-33 %, «Келісемін-67%, «Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды» сұрағына «Толық келісемін»-33 %, «Келісемін-0%, «Келіспеймін»-67%,«Толық келіспеймін»-0%.

Ұсыныс: Ұжымдағы психологиялық тұрақты қолайлы ахуалды сақтау.

Қорытынды:

Бекмұрат Уахатов жалпы орта білім беру мектеп жанындағы шағын орталық және мекепалды даярлық сынып өзін-өзі аттестаттаудың зерделенген материалдарының негізінде ұжыммен мұқият және сапалы жұмыс жүргізілді.

Бекмұрат Уахатов жалпы орта білім беру мектебінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тәрбиешілері 100% педагогикалық кадрлармен жасақталған. Кадрлар құрамы штат кестесіне сәйкес келеді. Педагог мамандардың тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар. Тәрбиешілердің "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту"мамандығы бойынша білімі бар. Кәсіби біліктілікті арттыру курстарын жүйелі түрде арттыруда.

Педагогтердің 100% - ы біліктілікті арттыру курстарында оқып, кәсіби біліктілігін арттырды.

1. Шағын орталық баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдайлар жасалған. Пәндік - кеңістіктік даму ортасының мазмұны тәрбиенушілерге мүдделеріне сәйкес келеді, мезгіл-мезгіл өзгереді, үнемі байытылады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аударады.

2. Мектепке дейінгі балалар «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына» сәйкес қабылданады. Балаларды мектепке дейінгі ұйымға тұрақты қабылдау, құжаттарды қабылдау бос орындар болған кезде жыл бойы жүргізіледі.

